

"Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерін қоса алғанда)";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облыстық және қалалық мәслихаттары мақұлдаған Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспарының жобасы (негізгі ережелерді қоса алғанда) бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қызылорда облысының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 6 маусымдағы
№ 374 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 17 шілдедегі
№ 1087 қаулысымен
бекітілген

**Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары
(негізгі ережелерін қоса алғанда)**

1. Жалпы ережелер

Қызылорда облысының орталығы Қызылорда қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) қала құрылысын кешенді жоспарлауды айқындайтын, аймақтарға бөлуді, аумақтың жоспарлы құрылымы мен функционалдық ұйымдастырылуын, көліктік және инженерлік коммуникациялар, көгалдандыру мен абаттандыру жүйесін белгілейтін негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспарға "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының, Жер, Экологиялық кодекстердің және қала құрылысын жобалау саласына қатысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес өзгерістер енгізілді.

Бас жоспарға өзгерістер енгізуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы, Қызылорда облысының, Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары және қаланы дамытуға қатысты басқа да мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар негіз болды.

2. Бас жоспардың мақсаты

Қызылорда қаласының бас жоспары әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымдарды қоса алғанда, табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанып отырған демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, аумақты дамытудың ұзақ мерзімді перспективаларын, сәулет-жоспарлау құрылымын қалыптастыруды, аумақты функционалдық қала құрылысы аймақтарына бөлуді, құрылысы салынған және салынбаған аумақтардың арақатынасын, жалпы қалалық мақсаттағы объектілерге қызмет көрсету және орналастыру жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қағидаттық шешімдерді, жерді басымдықпен иеліктен айыру және сатып алу аймақтарын, резервтік аумақтарды, кешенді көлік схемасын, көше-жол желісінің бас схемасын және жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын, аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шараларды айқындайды.

Бас жоспар:

- 1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірінші кезектегі және перспективалы бағдарламаларын;
- 2) қала аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын;
- 3) қоғамдық, іскерлік, мәдени және сауықтыру орталықтарын дамыту жоспарларын;
- 4) тұрғын, өндірістік және коммуналдық-қойма аумақтарын реконструкциялау және дамыту бағдарламаларын;

5) тарихи құрылыс пен тарихи және мәдени мұра объектілерін сақтау, ұқыпты пайдалану және сабақтастықпен дамыту жоспарларын;

б) рекреациялық аймақтардың аумақтарын дамыту бағдарламаларын;

7) қалалық ортаны кешенді абаттандыру және эстетикалық ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

3. Қала туралы мәлімет

Қызылорда қаласы Сырдария өзенімен және "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық көліктік дәлізімен қалыптасқан облыстың басты қоныстану осінде орналасқан. Қызылорда қаласы өзінің айналасында жылдам бой көтеріп келе жатқан ауылдары бар қала маңы аймағын қалыптастырады.

Қызылорда қаласының Ресеймен, Орта Азия республикаларымен, Қазақстан Республикасының өңірлерімен ыңғайлы көлік қатынасы бар. Оның аумағы арқылы магистралдық теміржол мен "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық көліктік дәлізі өтеді.

Қызылорда қаласы өңірдің өнеркәсіптік, сауда, мәдени, білім беру, медициналық орталығы және көші-қон легін тарту орталығы болып табылады.

Қаланың ірі өнеркәсіп орталығы ретінде дамуы халықтың қоныстану жүйесінде оның орталық ретінде орналасуына және оның айналасында қала маңы аймағының қалыптасуына негіз болды.

Қызылорда қаласы еңбек және мәдени-тұрмыстық байланыстарды қарқынды дамыта отырып, сондай-ақ халыққа ауыларалық қызмет көрсетудің орталығы бола отырып, қала маңы аймағының барлық елді мекендерімен өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

Қаланың негізгі мамандану салалары мұнай-газ өндіру өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері, сондай-ақ құрылыс индустриясы болып табылады. Соңғы уақытта ауыл шаруашылығы техникасына жөндеу жүргізетін және ауыл шаруашылығы машиналарын шығаратын машина жасау объектілері пайда болды. Қала ірі темір жол торабы болып табылады.

Қалада сауда, денсаулық сақтау саласындағы шағын және орта бизнес объектілері, транзиттік жүктер мен көтерме сауда-саттыққа қызмет көрсету кәсіпорындары белсенді дамуда.

4. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық аспектілер

Климат қала тұрғындарының тыныс-тіршілік жағдайларын қалыптастыратын негізгі табиғи факторлардың бірі болып табылады, ол тұрғын үйлердің құрылымдық

ерекшелігін, ашық аспан астында немесе инженерлік коммуникациялармен жабдықталмаған үй-жайларда еңбек қызметін жүзеге асыру мүмкіндігін, күш-қуатты қалпына келтіру үшін қажетті демалу режимін анықтайды.

Қызылорда қаласы Тұран ойпатының шегінде, шөл аймағында орналасқан. Қала орналасқан аллювиальды аккумулятивті жазықтықтың беті жазық толқынды және жазық-бөктерлі, біртегіс бедермен сипатталады.

Абсолюттік белгілері оңтүстік-шығыста 130-136 метрден солтүстік-батыста 112-114 метрге дейін өседі, ал жер бетінің еңісі осы бағытта 0,35% аспайды. Дөңестердің биіктігі 1-ден 3 метрге дейін, ара-тұра 6 метрге дейін ауытқиды.

Қызылорда қаласының аумағы және оған іргелес жатқан аумақтардың топырағы өте тұзды. Тұз жаппай жер бетіне шығуда, осыған байланысты жасыл желектердің өсіп-өнуіне әсер ететін топырақтың құрамы қатты бұзылған. Бұл Арал маңындағы апаттың салдары болып табылады.

Қызылорда қаласы шөл аймағында орналасқан, оған ұзаққа созылатын ыстық, құрғақ жаз бен қары аз желді қыс тән. Күн радиациясының жиынтық жылдық үлесі жылына 5500-6000 МДж/м² құрайды. Қаңтар айының орташа температурасы – минус 9,4⁰С, ал абсолюттік минимум – 38⁰С құрайды. Шілденің орташа температурасы +26,3⁰ С, ал абсолюттік максимум: +46⁰С құрайды. Орташа жылдық температура 9,1⁰С. Жауын-шашынның 60%-ы желтоқсан-сәуір айлары аралығында түседі. Жауын-шашын маусым -қазан айларында айына 3-тен 9 мм-ге дейін, ал мамыр және қараша айларында – 12-13 мм-ге дейін түседі. Жазда жер бетіндегі булану жауын-шашынның мөлшерінен 20 есеге асады. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 4,3 м/с. Желдің басым бағыты – солтүстік-шығыс.

Қала аумағы арқылы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай ұзындығы 76 км Сырдария өзені ағады, ол облыстың негізгі су артериясы болып табылады, облыстың орталығы бойынша оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай сағадағы көптеген ағыстар мен тармақтар арқылы қатты иректелген арнамен ағады және Арал теңізінің солтүстік бөлігіне (Кіші Арал) құяды, оның ұзындығы 1280 км құрайды. Сырдария өзенінің арнасы орнықсыз, қысқы-көктемгі кезеңде су тасқыны жиі болады.

5. Әлеуметтік-экономикалық даму

1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары

Бас жоспарда Қызылорда қаласы Қызылорда облысының орталығы ретінде қарастырылады.

Қала дамуының экономикалық базасында мынадай негізгі өндірістер қамтылған: мұнай өндіру және тасымалдау, химия өнімдерін, машиналар мен жабдықтарды, электр энергиясын, құрылыс материалдарын өндіру, сүт пен етті қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп.

Қаланың экономикалық дамуының басты міндеттері жаңа кәсіпорындарды ашу және оларды жобалық қуатқа шығару, жұмыс істеп тұрған өндірістерді, сапасы әлемдік стандарттарға сай келетін өндірілетін өнімнің номенклатурасын кеңейту болып табылады.

Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың негізгі бағыттары тұрғын үй құрылысын дамыту, халықтың білім алуға, денсаулық сақтауға, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуге және инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілеріне қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

2. Демография

2018 жылғы 1 қаңтарда Қызылорда қаласы халқының саны 236,1 мың адамды құрады.

Бас жоспардың қабылданған болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, бірінші кезекте (2013 жыл) қаладағы халықтың перспективалы саны – 240,0 мың адамды, ал есептік мерзімде (2025 жыл) – 310,0 мың адамды құрауы тиіс еді.

Бірақ қала шекарасынан Тасбөгет және Қызылжарма елді мекендерін алып тастау және сонымен бірге қаланың перспективалық шекарасына "Сабалақ" тұрғын үй массивін қосу қаланың даму параметрлерінің өзгеруі мен халық санының өсуіне әкелді.

Қаланың даму перспективалары агроөнеркәсіптік кешенді қайта қалпына келтіру қарқынымен және қалаға ғарыштық зерттеулер орталығы, Арал маңы халқын және Орта Азиядан келген оралман қазақтарды қоныстандыру орталығы, Арал теңізі мен Сырдария өзенінің кешенді мәселелерін шешудің ғылыми-техникалық орталығы мәртебесін берумен, қаланы республиканың ірі тарихи-археологиялық, медициналық-оңалту және білім беру орталығына айналдырумен айқындалады.

Соңғы жылдары халықтың туу көрсеткішінің ұлғаюу үрдісі тән. Қаланың демографиялық процестеріндегі өзгерістер табиғи өсімге әсер етті. Бастапқы жылға қатысты халықтың табиғи өсімі коэффициентінің шамасы 22,13% құрады. Халықтың механикалық қозғалысының оң сипаты бар.

Осыған байланысты, Бас жоспарда халық санының жедел қарқынмен өсу ықтималдығы ескерілген. Қаланы жедел қарқынмен дамыту нұсқасы үшін аумақты жоспарлауды ұйымдастыру, табиғи өсу мен көші-қон қозғалысын есепке ала отырып, 2025 жылға 280,2 мың адамға, ал келешекте 350,0 мың адамға дейінгі халық санының өсуін қамтамасыз ететін аумақтық резервпен орындалды.

Инженерлік қамтамасыз ету көздерін талдау кезінде осындай ауқымдағы қаланы қамтамасыз ететін қуат резерві бар екені айқындалды.

Есептік мерзімге дейін қала оң жағалауда солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бағытта және оңтүстік бағытта сол жағалауда салынатын болады.

Халықтың перспективалық санын есептеу нақты көрсеткіштерді талдау, табиғи және механикалық өсімді болжау негізінде жүргізілді.

3. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

2013 жылға қарай іске қосу көзделген тұрғын үйдің жалпы көлемі 756,0 мың шаршы м. құрауы керек болатын және құрылыстың бірінші кезегінің соңында ол 3500 мың шаршы м. жетуі тиіс еді. Есептік мерзімде жаңа құрылыс 3160,0 мың шаршы м. көлемде жоспарланса, есептік мерзімде тұрғын үй қорының жалпы көлемі 6510,0 мың шаршы м. жетуі керек еді. Бұл ретте тұрғын үй қорымен бір адамның қамтамасыз етілуі бірінші кезекте 21 шаршы м. және есептік мерзімде 25 шаршы м. болады деп көзделген.

Белсенді тұрғын үй құрылысы, қолданыстағы кредит беру бағдарламалары және жергілікті әкімдіктің қолдауы арқасында қамтамасыз етілу бір адамға шаққанда 23,2 шаршы м. жағдайында қаланың тұрғын үй қорын 5475,2 мың шаршы м. артуына септігін тигізді.

Тұрғын үй қорының 1975,2 мың шаршы м. өсуі жеке тұрғын үй құрылысының үлкен көлемімен, бос аумақтарды игерумен және орта қабатты құрылысты дамытумен түсіндіріледі.

Қаланың жобалық шекараларының өзгеруі халықты қоныстандырудың жаңа тұжырымдамасын қалыптастыруға және қабаттылығы бойынша аймақтауды өзгертуге негіз болды.

Есептік мерзімге жобалаудың барлық аумағы 14 тұрғын ауданға бөлінді. Жаңа тұрғын үй қорының есебі тұрғын үй аудандарының бөлінісінде орындалды.

Жобалау тапсырмасына сәйкес жаңа тұрғын үй құрылысын салу құрылымы былайша қабылданды:

- 1) жеке тұрғын үй құрылысы;
- 2) аз қабатты тұрғын үй құрылысы (1-2 қабатты);
- 3) жапсарлас объектілері бар орта қабатты тұрғын үйлер (3-5 қабатты);
- 4) жапсарлас объектілері бар көп қабатты тұрғын үйлер (6-14 қабатты).

Тұрғын үй құрылысы үшін аумақтарды анықтау бойынша есептер қолданыстағы бас жоспардың деректері, өзгерістер енгізілген жылға жаңартылған бастапқы деректер негізінде орындалды.

Тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту "Нұрлы Жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының және "7-20-25" бағдарламасының негізгі бағыттарына сәйкес келетін болады.

Бұл бағыттар "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ мен екінші деңгейдегі банктерді тарту арқылы тұрғын үйге деген халық арасында өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын ынталандыру үшін жеке құрылыс салушыларға қолдау көрсетуге бағытталған.

Есептік мерзімде бір адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету 30 шаршы м. деп қабылданды.

Есептік мерзімнің соңында тұрғын үй қоры 8406,9 мың шаршы м. құрайды. Жаңа тұрғын үй құрылысы – 2931,7 мың шаршы м. Қоныстанатын халық 280,2 мың адам, оның ішінде жаңа тұрғын үйге – 97,7 мың адам.

Есептік мерзімде тұрғын үй қорының құрылымы мынадай болады:

- 1) жеке тұрғын үй құрылысы – 4963,5 мың шаршы м. (59,0%);
- 2) аз қабатты тұрғын үй құрылысы (1-2 қабатты) - 204,0 мың шаршы м. (2,4%);
- 3) жапсарлас объектілері бар орта қабатты тұрғын үйлер (3-5 қабатты) – 2117,8 мың шаршы м. (25,2%);
- 4) жапсарлас объектілері бар көп қабатты тұрғын үйлер (6-14 қабатты) – 1121,6 мың шаршы м. (13,3%).

4. Қызмет көрсету саласы

Бас жоспарда жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын ескере отырып, халыққа қызмет көрсетудің мемлекеттік емес нысандарын дамытумен үйлестіре отырып, әлеуметтік маңызы бар объектілердің тегін қызметтермен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытында әлеуметтік саланы дамыту көзделеді.

Әлеуметтік саланы дамытудың негізгі басымдықтары мыналар болып табылады:

- 1) облыс орталығы мәртебесіне сәйкес перспективалы даму;
- 2) қолданыстағы мәдени-ағартушылық мақсаттағы мекемелерді сақтау;
- 3) Сырдария өзенінде су спорттық және ойын-сауық объектілері мен құрылыстарын салу;
- 4) қала орталығында және Сырдария өзенінің жағалауы бойында жоғары деңгейдегі эстетикалық келбеті бар қоғамдық ғимараттар салу.

5. Білім беру және денсаулық сақтау

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны 19282 құрайды, есептік мерзімде бұл көрсеткіш 26722-ге жетуі мүмкін.

Жалпы білім беру мекемелеріндегі орын саны – 37702 құрайды, есептік мерзімде 54202 жетуі мүмкін.

Бас жоспарға өзгерістер енгізген жылы денсаулық сақтау саласы бойынша ауруханалардағы кереует саны 3250 құрады, есептік мерзімде 4850 жетуі мүмкін.

Қазіргі кезеңде емханалық қызмет көрсету ауысымына 4500 келушіні құрайды және есептік мерзімге 7285 жетуі мүмкін.

Бас жоспарда шағын медициналық объектілердің құрылысы көзделеді: құрылысы жеке инвесторлар есебінен немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы мүмкін болатын медициналық және диагностикалық орталықтар, дәріханалар, мамандандырылған медициналық орталықтар.

Денсаулық сақтауды дамыту бойынша ұсыныстар халыққа медициналық қызмет көрсетудің әлеуметтік кепілдендірілген минимумын қарастырады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың, оқушылардың және студент жастардың, орта және егде жастағы адамдардың дене тәрбиесі үшін, сондай-ақ спорттық резервті және халықаралық кластағы спортшыларды дайындау үшін Бас жоспарда қаланың жоспарлау аудандарында бірнеше орта және ірі спорттық-сауықтыру объектілерін орналастыру көзделеді, олардың құрылысы жеке инвесторлар есебінен немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы жүргізілуі мүмкін.

6. Экономикалық қызмет

Бас жоспарда қала экономикасының мынадай басым бағыттары айқындалған:

1) демографиялық ресурсты дамыту;

2) өндірістік ресурсты дамыту;

3) өнеркәсіптік әлеуетті дамыту (тау-кен өндіру, өңдеу, химиялық, жеңіл өнеркәсіптер, машина жасау, құрылыс материалдарының өндірісі);

4) көліктік-логистикалық ресурсты дамыту;

5) инновациялық әлеуетті дамыту;

6) ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі өндірістерді дамыту;

7) туризм және демалыс саласын дамыту.

Бас жоспарда ғылыми-техникалық, білім беру, мәдени, әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуеттерді, облыстық және республикалық маңызы бар нарықтық инфрақұрылым институттарының желісін қарқынды дамыту ұсынылады.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларын одан әрі тиімді үйлестіру және өзара іс-қимыл жоспарланып отыр.

Өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру ұсынылады, оның мақсаты экологиялық қауіпсіздігін арттыру және осы аумақтардың қала құрылысы әлеуетін қаланың даму мүддесі үшін аса тиімді пайдалану болып табылады.

Қаладағы шағын кәсіпкерлік аса кең таралған, алайда жұмыспен қамтудың басым деңгейі сауда және қоғамдық тамақтану мекемелерінде байқалады.

7. Өнеркәсіп

Қызылорда қаласында инвесторлардың есебінен өңдеу өнеркәсібі салалары белсенді дамуда. Қала экономикасында өңдеу өнеркәсібінің азық-түлік өнімдері, құрылыс материалдарының өндірісі, металлургиялық, машина жасау, химия және жеңіл өнеркәсіптер бар. Соңғы үш жылда тамақ өнеркәсібінің көлемі 2,1 есеге, пластмасса бұйымдарының өндірісі 9%, химия өнеркәсібінің өнімі 15,1% ұлғайды.

Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу (87,8%) елеулі орын алады, мұнда негізінен шикі мұнай өндіру (81,7%), өңдеу өнеркәсібі (6,9%), электрмен жабдықтау, газ, бу-ауа беруді кондициялау (4,7%), сумен жабдықтау (0,6%) басым.

Экономиканың айқындаушы саласы мұнай-газ секторы болып табылады. Мұнай өндіру саласындағы негізгі өндірушілері "Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ, "

Торғай Петролеум" АҚ, "Қазгермұнай" БК" ЖШС, "Қуат Амлон Мұнай" БК" ЖШС болып табылады.

Индустрияландыру картасы аясында мынадай кәсіпорындар іске қосылды: "Арал тұз" АҚ – ас тұзын өндіру, "Рза" АҚ – тамақ өнімдерін өндіру, "Қызылорда қаласындағы Хуа-Ю интернационал" ЖШС – химия өнімдерінің өндірісі.

Перспективада қорғасын-мырыш өнімдерін өндіру, ванадий кенін кешенді пайдалану, ферроқорытпа өндірісі жоспарлануда. Есептік мерзімге Қызылорда қаласының индустриялық-өнеркәсіптік аймағында ферроқорытпа зауытының құрылысы жоспарлануда. Ферроқорытпа зауытының құны шамамен 250,0 млн. АҚШ долларын құрайды, ал 211,5 млн. АҚШ доллары құрылысқа инвестицияланады.

Құрылыс индустриясында қуаты жылына 197 мың тонна шыны өндіретін зауыттың құрылысы жүргізілуде. Қуаты жылына 300 мың тонна кальцийленген сода өндіру жобасын іске асыру жоспарлануда.

Жеңіл өнеркәсіпте "Озық" ЖШС, "Сұлтан Сүйрік" ЖШС, "Сырдария тігін фабрикасы" ЖШС, "Әсем" ЖШС және тағы басқа кәсіпорындар бар. Бұл кәсіпорындар арнайы киім, медициналық халат, мектеп формасы, ұлттық киім, төсек-орын және тағы басқаларды шығарады.

2016 жылдан бері негізгі капиталға инвестициялық белсенділікті арттыруға негізделген қаланың өнеркәсіптік өндірісінің өсуінде оң үрдісі байқалды, олардың деңгейі 139,8 млрд. теңгеге дейін өсті.

Қалада үш ірі өнеркәсіптік аймақ қалыптасты: батыс, солтүстік, оңтүстік-шығыс.

Батыс өнеркәсіп аймағында өткен кезеңде қалыптасқан кәсіпорындар аумақтары бар: Қызылорда облысы әкімдігінің "ҚЖЭО" МКК, "Қызылордамонтаж" зауыты, "Қазспецмонтаж" тресі, "Қызылордажилстрой" тресі, "Химмонтаж" АҚ, жылу желілері кәсіпорны. Шағын кішілеу кәсіпорындар – құрылыс базалары, автокөлік кәсіпорындарының базалары.

Солтүстік өнеркәсіптік аймақ негізінен тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарымен, өндірістік базалар мен қойма ғимараттарымен қалыптасқан. Мұнда азық-түлік өнеркәсібінің жұмыс істеп тұрған ірі кәсіпорындарымен (ет комбинаты, балық базасы, тарату тоңазытқышы) қатар теміржол кіреберісімен және рельс маңындағы арнайы құрылыстармен қамтамасыз етілген бос аумақ базасында коммуналды-қоймалық мақсаттағы бірқатар кәсіпорындарды орналастыру көзделіп отыр.

Оңтүстік-шығыс өнеркәсіптік аймақтың кәсіпорындары: мұнда құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары объектілерін, энергетика, металл өңдеу және машина жасау кәсіпорындарын, автокөлік өндірістерін орналастыру көзделеді.

Болашақта мұнай және газды өңдеу бойынша өнеркәсіп дамуы ықтимал. Қалада шикізаттың салыстырмалы түрде аз мөлшерін жұмсайтын, энергия сыйымды,

тасымалдауға қолайлы өнім шығаратын жоғарыда аталған салалардың кәсіпорындарын орналастыру ұсынылады.

Осыған байланысты, қуаты жылына 300 мың тонна мұнай өңдеу зауытын орналастыру, жылына 500 мың тоннаға дейін мұнай өңдейтін Қызылорда аз тонналы мұнай өңдеу зауытының қуатын ұлғайту, сондай-ақ қуаты жылына 45 мың тонна мұнай өңдейтін көмірсутегі шикізатын өңдеу бойынша шағын габаритті қондырғы құрылысын салу негізделіп отыр.

Серпінді ірі жобалардың бірі өнімділігі жылына 500 тонна молибденнің қос тотық ұнтағын молибденнің үш тотығына техникалық балқыту өндірісін ұйымдастыру болып табылады. Шығарылатын өнім атом энергетикасы, әуе-ғарыш техникасы, микро-оптикалық электроника саласында пайдаланылады.

Қаланың өнеркәсіптік-индустриялық аймақтарында қуаты жылына 4 млн. дана күйдірілген кірпіш шығаратын кәсіпорындар, сондай-ақ қуаты жылына 27 мың тонна керамикалық плиткалар өндіретін зауыт құрылысы, сэндвич панельдерді өндіру бойынша зауыт орналастырылады.

Құрылыс индустриясының қолданыстағы кәсіпорындарының қуатын арттыру, сондай-ақ жаңа өнеркәсіптік объектілердің құрылысы өнеркәсіптік өндіріс құрылымында "Құрылыс кластерін" құруға мүмкіндік береді.

Есептік мерзімге Бас жоспарда мынадай жаңа өндірістерді салу ұсынылады:

- 1) балқытылған жабындық материалдың және гидроокшаулағыш битум-полимер материалының өндірісі бойынша жабындық материалдар зауыты;
- 2) ішкі және сыртқы қабырға панельдері, жабын тақталар және қазіргі заманғы үйлердің құрылысына қажетті басқа элементтер шығаратын зауыт;
- 3) металл конструкцияларын шығаратын зауыт;
- 4) тауарлы бетон өндірісі зауыты.

Шыны өнімдерінің өндірісі үшін негізгі шикізат компоненттерінің мол қорының болуы - кварц құмының, доломиттің және әктастың кен орындары шыны кластерін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қуаты жылына 197,0 мың тоннаны құрайтын табақты шыны өндіру және өңдеу жөніндегі өнеркәсіптік зауыт өнеркәсіптік кластерді ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы саласында Ы.Жахаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Қытай, Жапония, Өзбекстан, Түрікменстан және Мажарстан ғалымдарымен бірге ғылыми жобаларды жүзеге асырып келеді. Күріш шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін күріш қауызын (кебек) пайдаланудың маңызы зор, "шалы" тазаланбаған күрішті өңдеу кезінде қауыздың жиналуы 12-14%-ды құрайды. Бұл қалдықтар жылу оқшаулағыш материалдар мен құрылыс материалдарын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіпте қолданылатын кремнийді алу үшін пайдалы болуы мүмкін. Қазақстанда күріш кластерінің даму болашағы жоғары дәрежеде өндірістік

қызметті ғылыми қамтамасыз ету, тұқым шаруашылығы, агрохимиялық қызмет көрсету, өндіріс және маркетинг арасындағы байланыстарды жетілдіруге байланысты.

Өңірде қалыптасатын күріш кластерінің ерекшелігі – бұл жерде ғылыми-зерттеу ұйымдарының, дақылды өсірудің және оны өңдеудің жаңа технологияларын игерумен айналысатын тұқым шаруашылығы кәсіпорындарының болуы.

Жобалық ұсыныстар ретінде мынадай өндірістерді ұйымдастыруға болады:

1) кейіннен органикалық тыңайтқыштар етіп өңдей отырып, күріш қауызын кәдеге жарату зауыты;

2) күріш майын өндіру зауыты;

3) күріш ұны мен крахмал өндірісі зауыты;

4) күріш кеспесі, күріш ботқасы өндірісінің зауыты.

6. Қала құрылысының дамуы

1. Аумақтағы сәулет-жоспарлауды ұйымдастыру:

Қызылорда қаласы – халық саны жағынан орташа, аумағы бойынша жинақы, экономикалық-географиялық жағдайы тиімді және транзиттік әлеуеті жоғары қала. Қала теміржолмен бөлінген екі бөліктен тұратын, өзен бойында созылып жатқан құрылымға ие.

Қызылорда қаласы бас жоспарының қала құрылысы шешімдері, оның жоспарлау құрылымы және функционалдық аймақтарға бөлінуі қаланың қазіргі жағдайы, аумақтарды кешенді қала құрылыстық бағалау, қаланың әкімшілік шекарасы бойынша енгізілген өзгерістер негізінде әзірленді.

Есептік мерзімде қаланың перспективалы дамуы батыс, шығыс және оңтүстік бағыттағы қалалық әкімшілік шекаралары шегінде (Тасбөгет кенті мен Қызылжарма ауылдарын қоспағанда) құрылыс салынбаған аумақтарды игеру есебінен, сондай-ақ орталық бөліктегі ескі тұрғын үйлермен салынып тасталған аумақтарды қайта жаңғырту есебінен жоспарланады.

Қаланың жаңа шекарасына байланысты Бас жоспарға өзгерістер енгізу қаланың функционалдық-жоспарлау құрылымын түзету қажеттілігін негіздейді. Бас жоспарда көлік қаңқасын өзгерту, халыққа көліктік қызмет көрсету сапасын нашарлатпай, көшелер мен жолдардың параметрлерін және функционалдық мақсатын түзету бойынша ұсыныстар берілді.

Қаланың функционалдық-жоспарлау құрылымы қазіргі келбетін сақтап қалды және Сырдария өзені түріндегі доминантты элементтерді, сондай-ақ негізгі көлік күрежолдарын қамтиды.

Қаланың тарихи өзегі сақталады және Қызылорда қаласының сол жағалаудағы жаңа бөлігімен үйлеседі.

Белгіленген тәртіппен бекітілген барлық егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары қаланың функционалдық-жоспарлау құрылымын нақтылайды және перспективалы қоныстандыру мен аудандардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын қалыптастыруды айқындап береді.

Қызылорда қаласын дамыту үшін перспективалы бағыт ретінде Қазақстанның " Жасыл" тұжырымдамасы аясында экоқалашық құру принципі қабылданды.

Перспективалы жоспарлау құрылымының негізіне қолданыстағы көлік-жоспарлау қаңқасы, тұрғын аудандарды салу жүйесі, сондай-ақ сыртқы жолдарға шығатын негізгі көлік жолдары жатқызылды.

Аумақтың қалыптасқан функционалдық аймақтарға бөлінуі сақталады және өзінің әрі қарай дамуы қоғамдық орталықтар жүйесінде, жасыл екепелерді ұйымдастыруда, оңтайлы көлік схемасын қалыптастыруда жалғасады.

Селитебтік аумақтарды перспективалы жоспарлау құрылымы 14 тұрғын аудандармен ұсынылған, олар бір-бірімен қалалық және аудандық ортақ магистральдар жүйесі арқылы біртұтас қала құрылымына өзара байланыстырылған. Қаланың шекарасынан шығарылған Тасбөгет кенті мен Қызылжарма ауылы жоспарлау тұрғысынан қаланың құрылысымен өзара байланыстырылған.

Өнеркәсіптік аймақтар сақталады, оларды құрылымдау, кейбір кәсіпорындарды қайта бейіндеу ұсынылады және санитариялық-қорғаныш аймағын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілді. Экологиялық таза өндірістерді орналастыру аумақтарын реттеу көзделеді.

Қаланың әкімшілік орталығы қаланың маңызды қала құрылысы осінде – әуежай жақтан қалаға кіру магистралінен бастау алатын және теміржол вокзалына қарай өтетін, сондай-ақ батыс тұрғын аудандарға тарамдалатын көшесінде орналасқан және толыққанды қалыптасқан қала құрылысының торабы болып табылады. Сол жағалауда ұсынылған жаңа қоғамдық орталық оң жағалаудағы қазіргі орталықтың қисынды жалғасы болады.

Өңірдің серпінді дамуы осы қала құрылысы торабының және оның жаңа сәулет-кеңістіктік композициясының функцияларын кеңейтуді және нығайтуды көздейді.

Қызылорда қаласы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын жаңғырту бағдарламасына сәйкес қалада қонақ үй кешені мен қызмет көрсету объектілері бар "Жібек Жолы" туристік агенттігін орналастыру көзделеді.

Сырдария өзені жайылмасының аумағын абаттандыруға және рекреациялық аймақтарды дамытуға көп көңіл бөлінеді. Өзеннің қаланың келбетін қалыптастыруға әсер ететін басты доминант ретіндегі маңызын ескере отырып, Сырдария өзенінің жағалауын абаттандыру көзделеді.

Жағалау – қалалық құрылымның желілік элементі, оның ұзынға созылған бөліктерін жасыл күркелер, көрініс алаңдары, перголалар, орындықтар және әртүрлі шағын сәулет нысандары сияқты объектілерді салу есебінен түрлендіру ұсынылады.

Бас жоспардың бекітілген шешімдерін іске асыруды қамтамасыз ету, қала аумағын кешенді кеңістіктік дамыту, қоғамдық объектілердің тыныс-тіршілігі мен жұмыс істеуінің қолайлы әрі экологиялық жағынан қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету үшін бас жоспар құрамында және оның шешімдері негізінде қала құрылысы регламенттері әзірленді.

Қала құрылысы регламенттері меншік нысанына қарамастан, осы аумақта сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыратын қала құрылысы процесінің барлық қатысушылары үшін міндетті реттеуші құжат болып табылады.

2. Қала құрылысын аймақтандыру

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бас жоспарда қаланың бүкіл аумағы функционалдық аумақтық аймақтарының тізбесі бар функционалдық аймақтарға бөлінеді. Бас жоспарда ұсынылған қала құрылысы саясатына сәйкес жылжымайтын мүліктің рұқсат етілген пайдалануының түрлері мен параметрлері бойынша сараланған қала құрылысы регламенттері әзірленді.

Қалалық аумақтарды қала құрылысы аймақтарына бөлу қалалық аумақтарды өзара байланысты тәртіппен пайдалана отырып, толыққанды қолайлы және жайлы өмір сүру ортасын жасауға бағытталған. Бұдан басқа, Бас жоспарда ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қоса алғанда, қаланың аумағында халық пен өндірістің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, тарихи-мәдени мұра объектілері мәртебесі бар аумақтарды қорғау, аумақты антропогендік, техногендік процестер мен төтенше жағдайлардың қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, қолайсыз табиғи құбылыстардың әсерін төмендету бойынша ұсыныстар берілген.

Белгіленген жобалық шекара шегінде қала аумағын ұсынылған сәулеттік-жоспарлы ұйымдастырудың негізінде аумақты функционалдық аймақтарға бөлу анықталды, осыған сәйкес мынадай функционалдық аймақтар бөлінді:

1) қаланың шекарасы шегінде орналасқан тұрғын аймақтар, бау-бақша және саяжай серіктестіктерінің аумақтары;

2) қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақтар;

3) рекреациялық аймақтар;

4) инженерлік және көлік инфрақұрылымдары аймақтары;

5) өнеркәсіп (өндіріс) аймақтары;

6) ауыл шаруашылығына пайдаланылатын аймақтар;

7) арнаулы мақсаттағы аймақтар;

8) режимдік аумақтар аймақтары;

- 9) қала маңындағы аймақтар;
- 10) санитариялық-қорғаныш аймақтары;
- 11) резервтегі аймақтар (қала құрылысы ресурстары).

Әрбір функционалдық аймақ үшін оларды пайдалану бойынша регламенттер анықталды.

7. Көлік инфрақұрылымы

Қызылорда қаласының көліктік инфрақұрылымына сыртқы, қала маңындағы, қалаішілік жолаушылар және жүк тасымалын қамтамасыз ететін көліктің дәстүрлі түрлері кіреді. Ішкі қатынастар қалалық жолаушылар көлігімен және көше-жол желісімен қамтамасыз етіледі. Сыртқы қатынастар автомобиль, теміржол, әуе, құбыржол көлігін және сыртқы автомобиль жолдарымен қамтамасыз етіледі.

Қаланың көше-жол желісі дамыған. Кіреберіс магистральдардың ұзындығы бас жоспарда жобаланған 431,0 км орнына 687,0 км құрайды. Қызылорда қаласының қазіргі көше-жол желісі кварталдар ұсақтап бөлінген тікбұрышты көше жүйесімен ұсынылған. Ескі қаланың тарихи бөлігінде көшелердің қалыптасқан радиалды-айналма жүйесі сақталған.

Жобалық шешімдерде тұрғын және өнеркәсіптік аймақтар арасындағы көлік қатынасын оңтайлы құруға, жалпы қала орталығымен, тұрғын аудандардың орталықтарымен, сыртқы көлік объектілерімен байланысқа ерекше мән берілді.

Қазіргі таңдағы жалпы қалалық маңызы бар қолданыстағы магистральдар қарастырып отырған аумақтың өзгертілген шекараларында қаланың ыңғайлы көлік байланысын және көлік қозғалысын қамтамасыз ететін басты көлік магистралі болып табылады.

Қызылорда қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарының, ұйымдарының және халқының сыртқы жүк және жолаушылар тасымалы теміржол, әуе және автомобиль көлігімен қамтамасыз етіледі.

Өнеркәсіптің перспективалы дамуымен, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және мұнай өңдеу саласының өндіріс көлемінің артуымен байланысты 2019-2030 жылдар кезеңінде теміржол жүк тасымалын одан әрі дамыту көзделеді.

Осы Бас жоспарда:

- 1) сыртқы көлік торабын одан әрі дамыту (әуе, теміржол, көлік);
- 2) көше-жол желісін және инженерлік көлік құрылыстарын жетілдіру көзделеді.

Құрылыс индустриясының қолданыстағы кәсіпорындары қуатының артуы, сондай-ақ жаңа өнеркәсіптік объектілердің құрылысын салу автомобиль тасымалының одан әрі дамуына әкеледі.

Қолданыстағы бас жоспарда ұсынылған "Жезқазған-Қызылорда" айналма теміржол магистралін салу жөніндегі ұсыныс Бас жоспарда сақталады.

Қызылорда қаласының сыртқы автожол байланыстары республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдармен ұсынылған.

"Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық маңызы бар автожол құрылысы Қазақстан ішінде Қазақстанның үш ірі мегаполисі: "Ақтөбе – Шымкент – Алматы" қалалары арасындағы көлік байланысын қамтамасыз етті.

Бұл ретте, осы автокөлік жолы ұзына бойы теміржол магистралімен бірге жүреді және Қытай Халық Республикасынан Ресей Федерациясына және одан әрі Еуропаға және кері қарай жүктерді жіберу үшін негізгі транзиттік дәліз болып табылатын, қайта жаңғыртылған Ұлы Жібек жолының халықаралық көлік-логистикалық дәлізінің құрамына кіреді.

Қызылорда қаласы Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Жезқазған, Түркістан қалаларымен және Қызылорда облысының елді мекендерімен және одан тыс жерлерде қалааралық маршруттар желісімен байланыстырылған. Өңірлік, қазақстандық және халықаралық маңызы бар бағыттарды жүзеге асыру үшін жаңа халықаралық автовокзал салу көзделеді.

Көше-жол желісін дамыту және жетілдіру бойынша қолданыстағы бас жоспардың шешімдері оларды одан әрі орындау үшін осы Бас жоспарда сақталады. Осы Бас жоспарда қаланың көше-жол желісінің қызыл сызықтарының өзгертілген параметрлері ұсынылды.

Өмір сүру ортасының жайлылығын арттыру және тұрғындар үшін барынша ыңғайлы қалалық кеңістікті құру мақсатында аумақты абаттандыру бойынша веложолдарға үлкен көңіл бөлінді.

Мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған мекемелер орналасқан орындарда, сондай-ақ халық барынша көп жиналатын орындарда ілеспелі дыбыс пен жарық арқылы белгі беретін арнайы бағдарламалар, жол белгілері мен көрсеткіштер орнату және дыбыс пен жарық арқылы белгі беретін құрылғылар орнатылған жаяу жүргіншілерге арналған өткелдер жасау көзделеді.

Қарастырылып отырған аумақ шекарасындағы көше-жол желісінің жалпы ұзындығы есептік мерзімге 1052,0 км құрайды, оның ішінде жалпы қалалық және аудандық маңызы бар 85,0 км, жергілікті көшелер мен өту жолдары 802,0 км.

8. Инженерлік инфрақұрылым

1. Сумен жабдықтау

Қызылорда қаласын сумен жабдықтау көзі перспективада Қызылорда және Қызылжарма жерасты су орындарының жерасты ұңғымалары болып табылады.

Қызылорда қаласы бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы бастапқы 2018 жылда 114 км құрайды.

Бастапқы жылда Қызылорда қаласы үшін су тұтынудың жиынтық есептік көлемі 40,7 мың м³/тәулігіне немесе 13061,5 мың м³/жылына құрайды. Есептік мерзімде (2025 жыл) Қызылорда қаласы үшін су тұтынудың жиынтық есептік көлемі: 34259,5 мың м³/жылына құрайды.

Бас жоспарда есептік мерзімге, яғни 2025 жылы, сумен жабдықтау жүйелерін дамытудың мынадай бағыттары көзделеді:

1) қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесін, оның өнімділігін арттыра отырып сақтау және дамыту;

2) жалпы ұзындығы 540,3 км су құбыры желілерінің құрылысы;

3) көлемі 14000 м³ болатын (әрқайсысы) екі резервуардың құрылысы;

4) екінші сатыға көтергіш сорғы станциясының құрылысы;

5) халыққа берілетін ауыз су сапасына мониторинг ұйымдастыру;

6) су құбырының құрылысы мен жөндеу кезінде өрт гидранттарын орнату.

Есептік мерзімде Қызылорда қаласы бойынша су құбыры желілерінің ұзындығы 654,3 км құрайды.

2. Су бұру

Қызылорда қаласында барлық көпқабатты тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік нысандары орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтамасыз етілген. Ғимараттар мен кәсіпорындардың ішкі су қабылдағыш құрылғыларынан шығатын ағын сулар қаланың жолдары мен көшелері бойымен төселген құбырлар жүйесінен тұратын сыртқы кәрізге тасымалданады. Сарқынды сулар өздігінен ағатын және арынды коллекторлар жүйесімен Қызылорда қаласының қолданыстағы кәріз желісіне жіберіледі.

Қызылорда қаласы үшін сарқынды сулардың қалыптасуының жиынтық есептік көлемі қазіргі таңда: 31,1 мың м³/тәулігіне, 11351,5 мың м³/жылына құрайды.

Қолданыстағы кәріз желілерінің ұзындығы – 340,34 км, оның ішінде: арынды құбыр – 212,55 км, өздігінен ағатын құбыр – 127,73 км.

Есептік мерзімде (2025 жыл) сарқынды сулардың қалыптасуының жиынтық есептік көлемі: 83,86 мың м³/тәулігіне, 30608,9 мың м³/жылына құрайды.

Қызылорда қаласы үшін даму перспективасында кәріздік тазарту құрылыстарының қуатын 8,0 мың м³/тәулігіне арттыру қажет.

Жобаланатын өздігінен ағатын кәріз желілерінің ұзындығы перспективада 378,8 км құрайды. Жобаланатын ағынды кәріз желілерінің ұзындығы перспективада 21,7 км құрайды.

Бас жоспарда есептік мерзімге, яғни 2025 жылы, қаланың су бұру жүйесін дамытудың мына бағыттары көзделеді:

1) ұзындығы 388,0 км кәріз құбырының құрылысы, олардың ішінде өздігінен ағатын құбыр – 367 км және арынды құбыр – 21,0 км;

- 2) кәріз сорғы станцияларының құрылысы – 42 дана;
- 3) өшіру камераларының құрылысы – 12 дана;
- 4) халықты орталықтандырылған су бұру жүйесімен 100% қамтамасыз ету.

3. Жылумен жабдықтау

Бас жоспарда Қызылорда қаласын жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары – жылумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйелерін қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықтар базасында жетілдіру, техникалық қайта жарақтандыру және дамыту болып табылады

Қызылорда қаласын жылумен жабдықтаудың қазіргі жүйесі екі бағытпен ұсынылған:

- 1) "ҚЖЭО"-дан, Оңтүстік қазандықтан және "ҚЖЭО" МКК-ның автоматты блокты-модульді қазандықтарынан орталықтандырылған жылумен жабдықтау;
- 2) түрлі типтегі жылу энергиясының жеке көздерінен орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылудың негізгі тұтынушылары болып тұрғын үй-коммуналдық сектор, қоғамдық ғимараттар мен жалпықалалық мақсаттағы құрылыстар табылады.

2017 жылы "ҚЖЭО" МКК орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағының есептік жылу жүктемесі 396 Гкал/сағатты құрады, жылу энергиясын беру 554,5 мың Гкал құрады.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау көздерінен жылу желілерінің схемасы жеткілікті дамыған, ол көп пәтерлі тұрғын құрылысы орналасқан барлық аудандарды қамтиды.

Түрлі типтегі жеке көздерден орталықсыздандырылған жылумен жабдықтаумен жеке құрылыс және бөлек орналасқан қоғамдық ғимараттар мен коммерциялық объектілер қамтамасыз етілген.

Есептік мерзімде Қызылорда қаласын жылумен жабдықтауды дамыту екі бағыт бойынша көзделді:

1) көп қабатты тұрғын үйлерді және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың қолданыстағы және заманауи жаңа көздерден орталықтандырылған жылумен жабдықтау;

2) қазіргі және жобаланатын үй-жай құрылысын жылумен жабдықтау үшін заманауи автономды жылыту жүйелерінен және бөлек тұрған қоғамдық ғимараттар мен өнеркәсіптік тұтынушылар үшін жылумен жабдықтаудың автономды жүйелерінен орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау.

Қаланың жылумен жабдықтау жүйесін дамыту "ҚЖЭО" МКК және Оңтүстік қазандықтың жылумен жабдықтау аймақтарын біріктіруді ескере отырып

қарастырылады, орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың біріктірілген аймағының жылу жүктемесі шамамен 400 Гкал/сағатты құрайды. Қазіргі "ҚЖЭО" МКК жаңғырту ұсынылады.

Перспективалы жылу жүктемелерін қамтамасыз ету және "ҚЖЭО" МКК мен Оңтүстік қазандықтың жылумен жабдықтау аймақтарын біріктіру үшін жылу магистральдарын, қосқыштар мен айдағыш сорғыштарды қайта жаңарту және салу қажет. Қолданыстағы тұтынушыларды жылумен жабдықтау қолданыстағы схема бойынша сақталады. "ҚЖЭО" МКК жаңғырту арқылы Қызылорда қаласының жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың жобасын әзірлеу қажет етіледі.

"Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігін жылумен жабдықтау" бекітілген техника-экономикалық негіздемесіне сәйкес құрылыстың жаңа аудандарын орталықтандырылған жылумен жабдықтауды құрылыс аумағында таратқыш жылу желілерін салумен бірге аудандық қазандықтардан жүзеге асыру жоспарланып отыр.

4. Электрмен жабдықтау

Қаланы электрмен жабдықтаудың негізі көзі "ҚЖЭО" МКК-ны, оның ішінде: ҚЖЭО-6 және Қызылорда газтурбиналық электрорталығы, сондай-ақ 220/35/10 кВ Қызылорда ҚС болып табылады.

35/10 (6) кВ және 35/0,4 кВ трансформаторлардың жиынтық қуаты 344 МВА құрайды. Бірқатар 35 кВ ҚС-да жоғары жүктеме байқалады. 35 кВ электр тарату желісінің ұзындығы 187,1 км құрайды, электр желілерінің техникалық жағдайы физикалық тозумен сипатталады.

Есептік мерзімге Қызылорда қаласының аумағында кернеуі 35/10 кВ ҚС қолданыстағы желісінен тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асыру ұсынылады, бұл ретте Қызылорда қаласында 110 кВ кернеуді енгізуді алып тастау және қалыптасқан 220/35/10 кВ кернеу жүйесін қалдыру ұсынылады.

Есептік мерзімге өндіруші көздерді дамытуды (42 МВт) шығару, қолданыстағы "ҚЖЭО" МКК техникалық қайта жарақтандыру және кеңейту (150 МВт) есебінен іске асыру көзделеді, оның құрылымдық қуаты 221 МВт (2022 жыл деңгейінде) құрайды.

"Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігін электрмен жабдықтау" әзірленген техника-экономикалық негіздемесіне сәйкес тұтынушыларды электрмен жабдықтау үшін құрылыс салудың мынадай көлемі ұсынылады:

мына электр желісі нысандарын сала отырып, 220 кВ айналым құрылысы:

1) сол жағалау бөлігінің оңтүстігінде трансформаторлардың қуаты 2×63 МВА болатын "трансформаторлар тізбегіндегі ажыратқыштары және трансформаторлар жағынан жөндеу қосқышы бар көпір" 220-5 АН схемасы бойынша жаңа 220/35/10 кВ сол жағалау ҚС;

2) "ҚЖЭО"-дан 220 кВ Қызылорда ҚС-на дейін ұзындығы шамамен 44 км болатын бір тізбекті орындауда қаланың айналасында 220 кВ ӘЖ-нің айналымдарын, бұл ретте

тығыз жағдайларға байланысты "ҚЖЭО" және Қызылорда ҚС-на кіруді 500 мм^2 қимасы бар кабель желісімен орындау ұсынылады;

3) "ҚЖЭО" 220 кВ ашық тарату құрылғысын бір ұяшыққа және 220 кВ Қызылорда ҚС-ның ашық тарату құрылғысын бір ұяшыққа кеңейту;

4) "желі жағынан ажыратқыштары және автоматты емес қосқышы бар екі блок" 35-4Н схемасы бойынша 2×16 МВА трансформаторлары бар 35/10 кВ "Жаңа-1" және "Жаңа-2" екі ҚС-ның құрылысы. Жаңа-1 және Жаңа-2 ҚС жаңа 220 кВ "Сол жағалау" ҚС-нан кабельдік желілермен қоректендіру ұсынылады;

5) "Сол жағалау" ҚС-нан Тасбөгет-Амангелді ӘЖ-нің ең жақын нүктесіне дейін екі біртiзбектi 35 кВ ӘЖ құрылысы;

6) жаңа Арық қосалқы станциясынан Тасбөгет қосалқы станциясына дейiнгi учаскенi демонтаждау;

7) 35/10 кВ Оңтүстік ҚС 35 кВ ӘЖ учаскесін демонтаждау, бұл ретте Оңтүстік ҚС кабельдік желілерін 35/10 кВ Жаңа-1 ҚС-на дәнекерлеумен қосу ұсынылады;

8) 35 кВ бойынша жаңа 220 кВ "Сол жағалау" ҚС-на қуат көзін ауыстыру арқылы "Батыс" ҚС-нан Тасбөгет ҚС-на 35 кВ ӘЖ учаскесін демонтаждау.

Есептік мерзімге (2025 жыл) қаланың электрмен жабдықтау жүйесін дамытудағы негізгі бағыттар:

1) қуаты 2×40 МВА 220/35/10 кВ трансформаторларды 2×63 МВА ауыстыру арқылы Қызылорда ҚС қайта жаңарту;

2) "Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігін электрмен жабдықтау" техника-экономикалық негіздемесі бойынша қарастырылған сол жағалаудағы №12, 13, 14 аудандарды электрмен жабдықтауды өзгеріссіз қалдыру;

3) дамып келе жатқан №11 тұрғын аудан үшін кіріс-шығысы қолданыстағы "Қызылорда" – "ҚЖЭО" ҚС 220 кВ ӘЖ-не қосылған 220/10-10 кВ "Досан" ҚС-ның (2×40 МВА) құрылысы ұсынылады.

5. Газбен жабдықтау

Қызылорда қаласының газбен жабдықтау объектілеріне ілеспе газды жеткізетін базалық кен орны – "Ақшабұлақ" кен орны. Қаланың газдандырылуы жұмыс қысымы 5,4 МПа және ұзындығы 123,0 км болатын "Ақшабұлақ-Қызылорда" магистральдық газ құбыры арқылы орындалған.

Қызылорда қаласын газбен жабдықтаудың қабылданған схемасы үш сатылы: газ құбырларын жер астымен өткізу арқылы жоғары, орташа және төмен қысымды.

1) бірінші саты – жоғары қысымды жеткізуші газ құбырлары;

2) екінші саты – орташа қысымды газ құбырлары-бұрмалар;

3) үшінші саты – төмен қысымды газ құбырлары.

Газ құбырының жалпы ұзындығы 1322,4 км құрайды. Қазіргі уақытта Қызылорда қаласы 100% газдандырылған. Бүгінгі таңда қаланы табиғи газбен жабдықтауды қолданыстағы "АГРС-1" және "АГРС-2" қамтамасыз етеді:

- 1) "АГРС-1" ең жоғары тәуліктік өткізу қабілеті "Ақшабұлақ-Қызылорда" магистральдық газ құбырынан 1200,0 мың м³ құрайды;
- 2) "АГРС-2" ең жоғары тәуліктік өткізу қабілеті "Бейнеу-Шымкент" магистральдық газ құбырынан 3840,0 мың м³ құрайды.

Есептік мерзімге (2025 жыл) "Бейнеу-Шымкент" магистральдық газ құбырынан өнімділігі 100,0 мың м³/сағатты құрайтын "АГРС-3" құрылысы жоспарлануда. Бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындардың болжамды құрылысын ескере отырып, бас газ реттеу пунктін оңтүстік индустриялық өнеркәсіптік аймақтың жанына, сондай-ақ "Сабалақ" ауданы үшін екі шкафтық газ реттеу пунктін орнату қажет.

6. Телекоммуникация және байланыс

Қызылорда қаласында телекоммуникациялық қызметтер 4 цифрлық "АТС", 36 "МАҚ", 6 "ОТШ", 6 "WLL CDMA" базалық станцияларының негізінде көрсетіледі. Қазіргі таңда қалалық телефон желісінің жалпы сыйымдылығы 41 962 нөмірді құрайды.

Станция "Қазақтелеком" АҚ ішкі аймақтық, қалааралық телекоммуникация желісіне шыға алады.

Қызылорда облысы Қызылорда қаласының 2007 жылғы қолданыстағы бас жоспарына сәйкес жобалық ұсыныстар ішінара орындалды. Бастапқы жылда (2018 жыл) телефон кәрізінің ұзындығы шамамен 108,0 км құрады.

Қаланың басым бөлігінде "NGN" жаңа буын желісі салынған. "G-PON" технологиясы бойынша заманауи телекоммуникация желісіне біртіндеп көшу орындалуда. Жаңадан салынған көп қабатты тұрғын үй кешендеріне оптикалық кабельдер төселіп, "FTTH" желілері жүргізілді.

Есептік мерзімге жаңадан игерілетін аумақтарда "G-PON" технологиясы бойынша заманауи телекоммуникациялық желі салу ұсынылады. Қазіргі аумақтарда "G-PON" технологиясына кезең-кезеңімен көшуді қарастыру ұсынылады.

Заманауи телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну үшін:

- 1) қолданыстағы АТС сандық станциясын жаңғырту;
- 2) ұсынылып отырған "телекоммуникация схемасына" сәйкес ОТШ орнату;
- 3) АТС электрмен жабдықтау жүйесін толық жабдықтау;
- 4) тарату және магистральдық желілердің кабельдерін жүргізу үшін телефондық-кабельдік кәрізді салу;
- 5) байланыстың айналмалы көліктік құрылымын ұйымдастыра отырып, талшықты-оптикалық кабельдерді жүргізу қажет етіледі.

Бас жоспарда есептік мерзімге (2025 жыл) қарай қаланың телекоммуникациялық желісін дамытудың мына бағыттары көзделеді:

Халықтың күтілетін саны 280,2 мың адам болғанда ("Сабалақ" саяжай массивін есепке алғанда) телефон тығыздығын 100 адамға 25 нөмірден қабылдау ұсынылады. Желінің нөмір сыйымдылығы 72300 нөмірді құрайды. 30338 нөмірге арналған станциялық және желілік құрылыстарды жаңғырту мен салуды көздеу қажет.

9. Аумақтарды инженерлік дайындау және инженерлік қорғау

Қала аумағында жер үстіндегі ағын суларды бұруды ұйымдастырып, аумақты тігінен жоспарлау, жерасты суларының деңгейін төмендету, жасыл көшеттерді суаруды ұйымдастыру, қала аумағын Сырдария өзенінің тасқын суынан қорғау, жағалауды жайластыра отырып, өзен арнасын абаттандыру көзделеді.

1. Аумақты тігінен жоспарлау

Жобаланатын аумақта жерүсті су ағынын ұйымдастыра отырып, аумақтың тігінен жоспарлануын орындау талап етіледі. Жана құрылыс аумағында, әсіресе қаланың сол жақ жағалауы шегінде жасанды жер бедерін құру көзделеді. Қолданыстағы құрылыс аумағында жекелеген алаңдар мен құрылыстарды ішінара тігінен жоспарлау қарастырылған.

2. Жерүсті ағын суларды ұйымдастыру

Осы Бас жоспарда қаралып отырған аумақтан су бұруды аралас тәсілмен жүзеге асыру көзделген: нөсер кәріздерінің жабық коллекторларымен үйлескен ашық (жерүсті) тәсілмен – өтпе жолдар, арықтар, кюветтер, науалар бойынша нөсер суларын тазарту құрылыстарына жіберу.

Қаланың қолданыстағы және перспективалық тығыздығы жоғары құрылыс салынатын аумағында жабық нөсер кәрізінің желісін ұйымдастыру, сондай-ақ қаланың сол жағалауын жабық нөсер жүйесімен қамтамасыз ету ұсынылады.

Жерүсті су ағынның ластануын азайту үшін бірқатар іс-шаралар жүргізу ұсынылады. Мына іс-шаралар негізгі болып табылады: аумақты механикаландырылған тазалауды ұйымдастыру, жол жабындарын уақтылы жөндеу, көгалдандыру аймақтарын бордюрлермен қоршау, көшпелі құмдарды бекіту, құрылыс алаңдарын оқшаулау, сусымалы және сұйық материалдарды жинау мен тасымалдауды реттеу.

3. Жасыл көшеттерді суаруды ұйымдастыру

Қазіргі таңда қалада каналдар мен арық желісінен тұратын 97,0 км ашық суару жүйесі бар. Суару каналдарының ұзындығы 19,821 км, арық желісі – 77,179 км.

Бас жоспарда қолданыстағы суармалы сумен жабдықтау схемасы сақталған. Қаланың суару жүйесін абаттандыру жұмыстары қарастырылған. Сол жағалаудың жаңадан салынып жатқан аумақтарында көшелердің жүргін бөліктерінің бойымен тарату арналары мен арық желілерін орнату ұсынылады.

4. Аумақты жерасты суларының басуынан қорғау:

Жерасты суларының деңгейін реттеу мақсатында қолданыстағы бас жоспарда жобасында тік дренаж салу ұсынылған болатын. Сонымен қатар, өзеннің оң және сол жағалауының бойында жол-бөгет пен көлденең жабық дренаждық коллекторлар салу ұсынылған.

Қазіргі уақытта қарастырылған тік дренаж салынған жоқ, жол-бөгет оң жақ жағалауда салынған, сол жақ жағалаудағы бөгет-жолдың құрылысы аяқталды. Бөгеттің төменгі енісі бойында бас жоспарда ұсынылған көлденең дренаж салынған жоқ.

2018 жылы әзірленген "Қызылорда қаласы шегінде Сырдария өзенінің сол жағалауын нығайту және қайта жаңарту. Түзету" жобасында сол жағалау бөлігінде дренаж жүйесін салудың орынсыздығы расталды. Жергілікті жердің табиғи дренажы су деңгейін төмендеткіш ретінде қабылданды.

Қаланың оң жақ жағалауында және сол жақ жағалауында дамба жанында жабық дренаж салу ұсынылады.

Ол Бас жоспарда перспективалы учаскелерді игеру алдында дренаж арқылы сорланған жерлерді шаюмен алдын ала рекультивациялауды жүргізу ұсынады, содан кейін перспективалы құрылыс алаңдарын жүйелі дренажбен жабдықтау қажет.

Аралас дренажды қабылдау ұсынылады: қаланың қазіргі алаңы жабдықталған және жабық көлденең дренаждық коллекторлары бар минералданған дренаждық ағынын бұра отырып, тік дренаж ұңғымаларын құру.

Жобалаудың келесі сатыларында қаланың солтүстік-шығыс бөлігі үшін дренаж жобасын орындау керек.

Аумақты су басудан қорғау бойынша негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

- 1) құрылыс салынып жатқан аумақтардан жерүсті суларын (еріген қар суы, жаңбыр, нөсер сулары) бұрып әкету;
 - 2) тіреулерді, батпақтануды болдырмау үшін ашық су бұру желісінің қажетті еңістерін қолдау, құбырлы сужібергіштерді, субұрғыштарды орнату;
 - 3) жасыл көшеттерді суаруды бақылау, реттеу, ал қажет болған жағдайда шектеу;
 - 4) су беруші коммуникациялардан судың ағып кетуін төмендету;
 - 5) суару каналдарында сүзілуге қарсы экрандарды орнату;
 - 6) ашық каналдарды және жабық құрылыстар желісін қорғау.
5. Сырдария өзеніндегі тасқын судан аумақты қорғау.

Қала құрылысын су басудан қорғау үшін бас жоспарда "Сырдария өзенінің жағалауларын бекіту және Қызылорда қаласының қорғау бөгеттерін жаңғырту" техникалық-экономикалық негіздеме жобасы негізге алынды. Құламаньң жер бөгеттерін, арнайы реттейтін құрылыстарды салу және су шайып кету мен опырылудан жағалауларды нығайту көзделген. "Қорқыт ата" көшесінен "Сұлтан Бейбарыс" көшесіне дейін өзеннің оң жағалауындағы су қорғау бөгеті салынды. Кейін Қорқыт Ата мемориалдық кешенінен Мұратбаев көшесіне дейін магистралдық жол салынды, бұл магистралдық жол өзенге шығатын көлік жолдарын тұйықтайды. Бас жоспарда су

шайып кетуден және бұзылудан жағалау белдеуін тұрақтандырудың арналық түзету жұмыстары бойынша бірқатар іс-шаралар әзірленді.

Жағалаудағы аумақты құрылыс салуға және демалыс аймағын пайдалану үшін Бас жоспарда су қорғау бөгеттерінің су құламасы бойында, өзеннің жалпы ұзындығы бойынша екі жағынан қарау алаңдары бар серуендеу жағалауларын салуды жалғастыру көзделіп отыр. Сонымен қатар, Бас жоспарда құм қайырын жою арқылы өзен табанын тазарту ұсынылады.

Қазіргі уақытта жайылма көлді абаттандыруға арналған іс-шаралар бойынша солтүстік бөліктің ілмегіндегі бөгет-жолдың ішімен су өткізетін гидротехникалық құрылыс салынды.

Осы Бас жоспарда іргелес аумақта орындалған құрылыстарды ескере отырып, жайылма көлдің ағынын қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындау ұсынылады. Жайылма көлдің құлама жарларын геоторлармен қаптау арқылы оны мәдени көлге айналдыру ұсынылады. Іргелес аумақ кептіріледі, оған топырақ төгіледі және ол саябақ аймағы ретінде пайдаланылады.

6. Қаланың аумағын санитариялық тазарту:

Бас жоспарда мыналар:

1) Қызылорда қаласының аумағын санитариялық тазарту жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру;

2) қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу;

3) жәндіктер мен ауру тудыратын микроорганизмдердің таралуына кедергі келтіретін атмосфераны, топырақты, жерүсті және жерасты суларын ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға және оқшаулауға арналған табиғат қорғау құрылыстары кешенінің жобасын әзірлеу және салу;

4) кейіннен жер учаскелерін шаруашылық немесе өзге де мақсаттарда толыққанды пайдалану үшін қолданыстағы санкцияланған және бей-берекет қоқыс үйінділерінің орнын қалпына келтіру көзделді.

10. Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Бас жоспар құрамына "Қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау" бөлімі қосылған.

Бөлімде барлық ортаның қазіргі жағдайына талдау берілді: жер ресурстары, ауа бассейні, жерүсті және жерасты сулар. Қазіргі жағдайда және перспективада ауа бассейнінің ластану есебі жүргізілді. Ауа бассейнінің рұқсат етілген ластану аумағының қысқаруына, қала аумағының топырақ-өсімдік жабынының жай-күйін жақсартуға және сауықтыруға ықпал ететін іс-шаралар берілді.

Урбанизацияның дамуы салдарынан едәуір аумақтарда табиғи кешендердің өзгеруінің үздіксіз процесі орын алуда, бұл табиғи ландшафттардың, топырақ жабынының, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, жерүсті, жерасты суларының

өзгеруіне әсер етеді. Сондай-ақ, табиғаттың аталған элементтерінің рұқсат етілген шектен тыс өзгеруі олардың тозуына және халықтың өмірі үшін қолайсыз жағдайлар жасауға әкеп соғады.

Адамдардың жайлы өмір сүруі және қоршаған ортаны қорғау мақсатында Бас жоспарда:

- 1) табиғи кешен аумағын ауа бассейнінің ластануынан қорғау;
- 2) жерасты және жерүсті су ресурстарын ластанудан және сарқылудан қорғау;
- 3) қала аумағын физикалық факторлардың әсерінен қорғау (шу, вибрация, электромагниттік сәулелену);
- 4) топырақ-өсімдік жабынын атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларынан және қатты тұрмыстық қалдықтардың түзілуінен қорғау;
- 5) жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау;
- 6) аумақты қауіпті техногендік және табиғи сипаттағы процестерден қорғау;
- 7) көгалдандыру және микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен тіршілік ету ортасының жайлылығын арттыру қарастырылды.

Қоршаған ортаны сапалы жай-күйіне қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру адамзат қоғамының негізгі әлеуметтік мақсатына қол жеткізу шарттарының бірі болып табылады – экологиялық шартталған сырқаттануды төмендету, халықтың жұмысқа қабілетін жақсарту, туу деңгейін арттыру, өмір сүру ұзақтығын арттыру, халықтың білімі мен мәдениетінің өсуі сияқты әлеуметтік нәтижелерді қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаның әрбір компоненті бойынша ұсынылған шаралар орындалатын болса, нормативтік талаптарға сәйкес экологиялық ахуалдың нашарлауына жол бермеу, халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту және қоршаған орта мен адамды сауықтыру мүмкін болады. Бас жоспарды іске асыру кезінде жүргізілген қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша мынадай тұжырымдар жасалды:

Атмосфералық ауа:

Атмосфераның ластану индексінің кешенді көрсеткіші бойынша атмосфералық ауаның жағдайы (қазіргі жағдайда және перспективада) бүкіл Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластануының төменгі дәрежесіне сәйкес келеді. І-кезекке және есептік мерзімге әсерді алдын ала бағалау "маңызы жоғары әсер ету" ретінде бағаланады.

Су шаруашылығы қызметі:

Бас жоспарда қолданыстағы кәріздік тазарту құрылыстарына тұрмыстық сарқынды суларды бұру, жерасты суларды залалсыздандырудың су дайындау жүйелерін салу қарастырылды.

Жаңбыр және еріген қар суларын қайтара пайдаланудың арқасында суаруға кететін таза суды тұтыну көлемі азаяды. Су қорғау аймақтарында және су объектілері белдеуінде шаруашылық қызмет режимін қатаң сақтау жерүсті суларына тиетін зиянды әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Санитариялық қорғаныш аймағы аумағында ерекше санитариялық режимді сақтау сумен жабдықтау жүйесінің санитариялық-эпидемиологиялық сенімділігін қамтамасыз етеді.

I-кезекке және есептік мерзімге әсерді алдын ала бағалау "маңызы жоғары әсер ету" ретінде бағаланады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары:

Есептік мерзімге табиғат қорғау заңнамасының талаптарын, аумақты абаттандыру бойынша ұсынылған шараларды орындау және жобаланып отырған қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қалдықтарды уақытша сақтау, тасымалдау және көму бойынша іс-шараларды іске асыруды бақылау жүргізілген жағдайда, қалдықтарды кәдеге жаратудың қалыптасқан жағдайы айтарлықтай жақсаратынын ескере отырып, "маңызы жоғары әсер ету" ретінде бағалауға болады.

Топырақ-өсімдік жабыны:

Белгіленген құрылысты техногендік және антропогендік бұзылған аумақтарда жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бас жоспарды іске асыру нәтижесінде топырақ пен өсімдіктерді зиянды әсерден қорғау мақсатында бас жоспарда технологиялар мен техникалық шешімдерді, сондай-ақ топырақ жабыны мен өсімдіктерге әсер етудің ауқымы мен қарқындылығын қысқартуға арналған арнайы шараларды қолдану ұсынылады.

Есептік мерзімге әсерді алдын ала бағалау "маңызы жоғары әсер ету" ретінде бағаланады.

Жануарлар әлемі:

Жобаланып отырған объектіні іске асыру жануарлар әлеміне орташа әсер етеді. Негізгі әсерді физикалық факторлар (шу, вибрация, жарық) тигізеді. Урбанизация жағдайында жануарлар алаңдаушылық факторына бейімделгенін атап өту керек.

I-кезекке және есептік мерзімге әсерді алдын ала бағалау "маңызы орташа әсер ету" ретінде бағаланады.

Әлеуметтік-экономикалық орта:

Бас жоспарды іске асыру халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Бұл ретте табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанып отырған демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік, рекреациялық, көлік және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қоса алғанда, елді мекен аумағын дамытудың негізгі бағыттары, аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және осы аймақтардың аумақтарын пайдалануды шектеу, экологиялық ахуалды жақсарту бойынша шаралар шешілетін болады.

Бас жоспарды іске асыру әлеуметтік-экономикалық ортаға және халықтың денсаулығына орташа-оң әсер етеді.

Бас жоспарды іске асыру кезінде әсерді алдын ала кешенді (интегралдық) бағалау: барлық ұсынылған табиғат қорғау және жобалық іс-шаралар сақталған кезде есептік мерзімге "маңызы жоғары әсер ету" ретінде бағаланады.

Бас жоспарды іске асыру кезінде әлеуметтік-экономикалық салаға интегралдық әсердің оң аспектілері қарастырылатын аспектілердің көпшілігі үшін белгіленеді, жекелеген теріс сәттер әсердің төмен деңгейінің шегінен шықпайды.

Осылайша, қоршаған ортаға компоненттік және интегралдық әсерді талдау ұсынылған барлық табиғат қорғау және жобалық іс-шаралар сақталған жағдайда Бас жоспарды іске асыру қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсер етпейді деп айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайлар мен халықтың денсаулығына оң әсер етеді деп күтілуде.

11. Қаланың дамуына инвестициялардың салалық құрылымы мен серпіні

Осы негізгі ережелердің кестесінде Қызылорда қаласының аумағындағы тұрғын және қоғамдық құрылыстың, инженерлік инфрақұрылым және көше-жол желісі құрылыстарының болжамды құны көрсетілген.

Кесте

2025 жылға дейінгі құрылысқа салынған инвестициялардың салалық құрылымы (2018 жылдың бағалары)

Р/с №	Сала	Барлығы жобалау кезеңіне, млн. теңге	Жиынына %-бен
1	2	3	4
1	Инвестициялардың барлығы	946508,50*	100,0
	оның ішінде:		
2	Тұрғын үй құрылысы	444922,00	47,0
3	Мәдени-тұрмыстық құрылыс	222461,00	23,5
4	Көлік – барлығы	88550,00	9,4
5	Инженерлік инфрақұрылым – барлығы	180575,50	19,1
	оның ішінде:		
5.1	Сумен жабдықтау	21722,00	2,3
5.2	Су бұру	21051,50	2,2
5.3	Санитариялық тазарту	16128,00	1,7
5.4	Электрмен жабдықтау	23 060,00	2,4
5.5	Жылумен жабдықтау	91005,00	9,6
5.6	Газбен жабдықтау	3182,00	0,3
5.7	Телекоммуникация және байланыс	4427,00	0,5
1	2	3	4
6	Аумақты инженерлік дайындау	-	-

7	Жасыл екпелер жүйесін ұйымдастыру	10000,00	1,1
	Басқа есепке алынбаған шығындар (барлық инвестицияларға 10%)	94650,85	10,0

Инвестициялардың (барлық көздердің) елеулі көлемі тұрғын үй, инженерлік-коммуникациялық және көлік құрылысына бағытталуы тиіс.

* "ҚР ҚН 3.01-00-2011 Қазақстан Республикасындағы қала құрылысы жобаларының құрамы, әзірлену, келісілу және бекітілу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына сәйкес – бас жоспарларда құрылыс нысандарының саны мен сыйымдылығы, сондай-ақ олардың елді мекендер аумағында орналасу орындары анықталады. Инвестициялардың болжамды көрсеткіштері бағдарлы және ұсыным сипатында берілген және аналог пен іріленген көрсеткіштер бойынша есептелген. Келешекте қаланы дамыту жөніндегі нақты бағдарламаларды жобалық кезеңдер бойынша құру кезінде құрылыс объектілердің саны мен олардың сыйымдылығы, сондай-ақ қаржыландыру көздері мен олардың көлемдері тиісті жылдарға арналған бюджеттерді қалыптастыру барысында республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндігіне қарай нақтыланып тұрады.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Өзгерістер енгізілген жылы, 2018 жыл	Есептік мерзім, 2025 жыл
1	2	3	4	5
1	Аумағы – барлығы	га	20528,0	20528,0
	оның ішінде:			
1.1	Тұрғын үй құрылыс аумағы	га	3337,28	5360,84
	оның ішінде:			
1.1.1	Аз қабатты тұрғын үй құрылысы (1-2 қабатты)	га	64,19	65,00
1.1.2	Жеке тұрғын үй құрылысы	га	3005,22	4596,90
1.1.3	Кіріктіре салынған объектілері бар орта қабатты тұрғын үйлер (3-5 қабатты)	га	256,00	418,56
1.1.4	Кіріктіре салынған объектілері бар көп қабатты тұрғын үйлер (6-14 қабатты)	га	11,87	280,38
1.2.	Қоғамдық құрылыс аумағы	га	327,29	1222,56
	оның ішінде:			
1.2.1	Әкімшілік мекемелер	га	57,55	82,15
1.2.2	Діни нысандар	га	8,83	18,84
1.2.3	Ойын-сауық және мәдениет объектілері	га	11,53	46,52
1.2.4	Дене шынықтыру-спорт құрылыстары	га	32,31	99,40
1.2.5	Сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілері	га	7,51	33,10
1.2.6	Коммерциялық объектілер	га	88,60	301,03

1.2.7	Коммуналдық-тұрмыстық объектілер	га	47,33	113,94
1.2.8	Базарлар	га	21,09	70,28
1.2.9	Рекреациялық аумақтар (парктер саябақтар)	га	52,54	457,30
1.2.10	Оқу орындарының аумақтары	га	200,41	440,01
	оның ішінде:			
1.2.10.1	Мектепке дейінгі мекемелер (балабақша)	га	27,80	69,29
1.2.10.2	Жалпы білім беру мекемелері (мектептер)	га	76,54	194,02
1.2.10.3	Арнайы орта және жоғары білім беру мекемелері	га	15,99	40,82
1.2.10.4	Мамандандырылған мектептер	га	20,29	40,63
1.2.11	Денсаулық сақтау мекемелері	га	59,79	95,25
1.3.	Көліктік, өнеркәсіптік және басқа аумақтар	га	15833,73	12675,31
	оның ішінде:			
1.3.1	Көліктік қызмет көрсету объектілері	га	47,83	74,33
1.3.2	Коммуналдық-қойма объектілері	га	17,18	15,87
1.3.3	Арнайы аумақтар	га	99,34	104,38
1.3.4	Өнеркәсіптік және өндірістік аумақтар	га	834,88	1139,96
1.3.5	Қызыл сызықтардағы жолдар	га	2327,35	3511,89
1.3.6	Теміржолдан шығарылатын аймақ	га	6,93	6,93
1.3.7	Құрылыстан бос аумақтар	га	11503,50	6194,67
1.3.8	Жеке тұрғын үй құрылысына бөлінген жер учаскелері	га	9,52	39,66
1.3.9	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	га	31,03	11,04
1.3.10	Саяжайлар	га	302,77	293,45
1.3.11	Су айдындары (Сырдария өзені)	га	554,38	554,38
1.3.12	Су айдындары (Қызылжарма каналы)	га	33,94	33,94
1.3.13	Шаруа қожалығы	га	62,58	0,00
1.3.14	Резервтік аумақтар	га	0,00	692,31
1.3.15	Жаңадан салынған жер учаскелерінің аумағы	га	2,50	2,50
1.4	Сабалақ саяжай массиві	га	783,0	783,0
2.	Халқы			
2.1	Бағынышты елді мекендерді есепке алғандағы халық саны, барлығы	мың адам	236,1	280,2
	оның ішінде:			
2.1.1	тек қала (кент, ауылдық елді мекен)	мың адам	236,1	280,2
2.1.2	басқа елді мекендер	мың адам	–	–
2.2	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:			
2.2.1	Өсім	мың адам	7,4	9,5
2.2.2	Кему	мың адам	1,5	1,8
2.3	Халықтың көші-қонының көрсеткіштері:			
2.3.1	Өсім	мың адам	11,1	15,0
2.3.2	Кему	мың адам	9,1	–
2.4	Халықтың тығыздығы			

2.4.1	Селитебті аумақ шегінде	адам/га	12,1	14,3
2.4.2	Қалалық, кенттік және ауылдық құрылыс аумағы шегінде	адам/га	12,1	14,3
2.5	Халықтың жас құрылымы:			
2.5.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам %	33,9	34,0
2.5.2	Еңбекке қабілетті жастағы халық	мың адам/%	58,2	58,1
2.5.3	Ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-57 жас	мың адам/ %	–	–
2.5.4	Еңбекке қабілетті жастан үлкен халық	мың адам/%	7,9	7,9
2.6	Отбасылар мен жалғызбасты тұрғындар саны, барлығы	бірл.	64935	76645
	оның ішінде:			
2.6.1	Отбасылар саны	бірл.	57435	68345
2.6.2	Жалғызбасты тұрғындар саны	бірл.	7500	8300
2.7	Еңбек ресурстары, барлығы	мың адам	135,3	160,4
	олардың ішінде:			
2.7.1	Экономикалық белсенді халық, барлығы	мың адам	108,0	129,9
	оның ішінде:			
2.7.1.1	Экономика саласында жұмыспен қамтылғандар:	мың адам	100,7	124,7
1)	қала құраушы топта	мың адам	96,3	118,2
	олардың ішінде: өздігінен жұмыспен қамтылғандар		10,0	7,9
2)	қызмет көрсетуші топта	мың адам	4,4	5,4
2а)	олардың ішінде: өздігінен жұмыспен қамтылғандар	мың адам	2,1	3,8
2.7.1.2	жұмыссыздар	мың адам	7,3	5,2
2.7.2	Экономикалық белсенді емес халық, оның ішінде:	мың адам	27,3	30,5
	оның ішінде:			
2.7.2.1	Өндірістен қол үзіп оқитын, еңбекке қабілетті жастағы оқушылар	мың адам	1,9	2,1
2.7.2.2	Экономикалық қызметпен және оқумен айналыспайтын, еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті халық	мың адам	25,4	28,4
3	Тұрғын үй құрылысы			
3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың м2	5475,2	8406,0
	оның ішінде:			
3.1.1*	Мемлекеттік қор	жалпы ауданы мың ш.м.	–	–
3.1.2*	Жеке меншікте	жалпы ауданы мың ш.м.	5475,2	8406,0
3.3	70% астам ескірген тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың ш.м.	46,0	130,0
	оның ішінде:			
3.3.1	Мемлекеттік қор	жалпы ауданы мың ш.м.	–	–

3.4	Сақталатын тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың ш.м.	46,0	130,0
3.5	Қабаттылық бойынша тұрғын үй қорының бөлінісі:	жалпы ауданы мың ш.м.	5475,2	8406,0
	оның ішінде:			
3.6.1.1	Үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар үй-жайлық (коттедждік типті) құрылыс	жалпы ауданы мың ш.м.	3427,4	4911,08
3.6.1.2	Пәтер жанында жер учаскесі бар блокталған құрылыс	жалпы ауданы мың ш.м.	–	52,42
3.6.1.3	Аз қабатты пәтерлік құрылыс (1-2 қабат)	жалпы ауданы мың ш.м.	202,2	204,0
3.6.2	Орташа қабатты пәтерлік құрылыс (3-5 қабат)	жалпы ауданы мың ш.м.	1741,2	2117,8
3.6.3	Көп қабатты пәтерлік құрылыс (6 және одан жоғары қабат)	жалпы ауданы мың ш.м.	104,5	1121,6
3.7	Тұрғын үй қорының кемуі, барлығы	жалпы ауданы мың ш.м.	60,0	150,0
	оның ішінде:			
3.7.1	Техникалық жағдайы бойынша	жалпы ауданы мың ш.м.	40,0	130,0
3.7.2	Қалпына келтіру бойынша	жалпы ауданы мың ш.м.	20,0	20,0
3.7.3	Басқа себептер бойынша (үй-жайды қайта жабдықтау)	жалпы ауданы мың ш.м.	–	–
3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы, оның ішінде есебінен:	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	2931,7
3.8.1*	Мемлекеттік қаражаттан	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	–
3.8.2*	Кәсіпорындар мен ұйымдардың	үйлер (пәтерлер) бірлік /жалпы ауданы мың ш.м.	–	–
3.8.3*	Халықтың жеке қаражатынан	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	2931,7
3.9	Қабаттылық бойынша жаңа тұрғын үй құрылысының құрылымы	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	2931,7
	оның ішінде:			
3.9.1.1	Үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар үй-жайлық (коттедждік типті) құрылыс	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	1536,1
3.9.1.2	Пәтер жанында жер учаскесі бар блокталған құрылыс	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	–

3.9.1.3	Аз қабатты пәтерлік құрылыс (1-2 қабат)	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	1,8
3.9.2	Орташа қабатты пәтерлік құрылыс (3-5 қабат)	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	376,7
3.9.3	Көп қабатты пәтерлік құрылыс (6 және одан жоғары қабат)	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	1017,1
3.10	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен орналасады:			
3.10.1	Бос аумақтарда	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	2931,7
3.10.2	Қазіргі құрылысты қалпына келтіру есебінен	үйлер (пәтерлер) бірлік/жалпы ауданы мың ш.м.	–	–
3.11	Жылына орташа алғанда жаңа тұрғын үй қорының жалпы ауданын енгізу	мың ш.м.		2000,0
3.12	Тұрғын үй қорының қамтамасыз етілуі:			
3.12.1	Су құбырымен	жалпы тұрғын үй қорының %	100,0	100,0
3.12.2	Кәрізбен	жалпы тұрғын үй қорының %	48,4	100,0
3.12.3	Электр плиталармен	жалпы тұрғын үй қорының %	0,1	100,0
3.12.4	Газ плиталармен	жалпы тұрғын үй қорының %	100,0	100,0
3.12.5	Жылумен	жалпы тұрғын үй қорының %	100,0	100,0
3.12.6	Ыстық сумен	жалпы тұрғын үй қорының %	0,6	100,0
3.13	Пәтерлердің жалпы ауданымен халықтың орташа қамтамасыз етілуі	ш.м./адам	23,2	30,0
4.	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері			
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемелері, барлығы/1000 адамға	орын	19282/81,7	26722/96,7
4.1.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	100,0	100,0
4.1.2	1000 тұрғынға	орын	81,7	96,7
4.1.3	жаңа құрылыс	орын	–	7 440
4.2	Жалпы білім беру мекемелері, барлығы/1000 адамға	орын	37702/159,7	54502/194,9
4.2.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	84,1	100,0
4.2.2	1000 тұрғынға	орын	159,7	194,9
4.2.3	жаңа құрылыс	орын	–	16800
4.3	Ауруханалар, барлығы/1000 адамға	төсек	3250/13,8	4850/17,3

4.4	Емханалар, барлығы/1000 адамға	ауысымда келу	4500/19,0	7285,2/ 26,0
4.5	Әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелері (интернат-үйлер), барлығы/1000 адамға	орын	400	2231
4.6	Ұзақ демалыс мекемелері (демалыс үйлері, пансионаттар, оқушылар лагерлері және тағы басқалар), барлығы/1000 адамға	орын	922/3,9	1892/6,8
4.7	Дене шынықтыру-спорт құрылыстары барлығы/1000 адамға	ш.м.	18890/80,0	48890/ 174
4.8	Ойын-сауық мәдениет мекемелері (театрлар, клубтар, кинотеатрлар, музейлер, көрме залдары және тағы басқалар) барлығы/1000 адамға	орын	4180/17,7	9805/35,0
4.9	Сауда кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	сауда ауданы ш.м.	47900/200,0	84060/ 300,0
4.10	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	отырғызу орны	5310/22,5	11208/ 40,0
4.11	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	жұмыс орны	635/2,7	1960 /7
4.12	Өрт сөндіру депосы	автомобильдер саны/бекеттер	5×22	13×66
4.13	Халыққа әлеуметтік мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің өзге объектілері	сәйкес бірліктер	1860	7005
5.	Көліктік қамтамасыз ету			
5.1	Барлық көшелер мен жолдардың жалпы ұзындығы	км	763,403	1052,0
	оның ішінде:			
5.1.1	Жалпықалалық маңызы бар	км	68,0	250,0
5.1.2	Тұрғын көшелер мен өтпелер	км	619,0	802,0
5.1.3	Кіру магистралдары	км	76,403	–
6.	Сумен жабдықтау			
6.1	Жиынтық су тұтыну, барлығы	мың м ³ /тәулігіне	40,7	104,1
	оның ішінде:			
6.1.1.	шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына	мың м ³ /тәулігіне	23,9	57,84
6.1.2	өндірістік мұқтаждықтарға	мың м ³ /тәулігіне	7,2	26,02
6.1.3	суаруға	мың м ³ /тәулігіне	9,6	20,24
6.2	Сумен жабдықтаудың пайдаланатын көздері:			
6.2.1.	Жерасты сужинағыш:	–	+	+
6.2.1.1	жер үсті көздерден сужинағыш	–	+	+
6.2.1.2	орталықсыздандырылған су көздері	–	–	–
6.3	Тәулігіне 1 адамға орташа су тұтыну, барлығы	литр/тәулігіне	170	360
	оның ішінде:			
6.3.1	шаруашылық-ауыз су мұқтаждықтарына	литр/тәулігіне	100	200
6.4	Суды екінші қайтара пайдалану	%	–	–
6.5	Шаруашылық-ауыз су құбырының (В1) ұзындығы	км	114,0	654,3
6.6.	Су құбырларының диаметрі	мм	-	150-315

7.	Кәріз			
7.1	Тұрмыстық ағын сулардың көлемі	литр/тәулігіне	31,1	83,86
	оның ішінде:			
7.1.1	тұрмыстық кәріз	литр/тәулігіне	23,9	57,84
7.1.2	өндірістік кәріз	литр/тәулігіне	7,2	26,02
7.2	Кәріздік тазартқыш имараттарының өнімділігі	литр/тәулігіне	76,4	85,0
7.3	Желілердің ұзындығы	км		
	оның ішінде:			
7.3.1	Өздігінен ағатын құбырлар ұзындығы (К1)	км	127,73	506,53
7.3.2	Арынды құбырлардың ұзындығы (К1Н)	км	212,55	234,25
7.4	Кәріз құбырларының диаметрі	мм	–	200-800
8.	Санитарлық тазалау			
8.1	Қалыптасатын қатты тұрмыстық қалдықтар көлемі (ҚТҚ)	тонна/жыл	151113,0	185316,0
8.2	Қоқыс контейнерлерінің саны	бірл.	1000	1424
8.3	Тазалаушы машиналардың саны	бірл.	300	674
9.	Электрмен жабдықтау			
9.1	Электр энергияны жиынтық тұтыну	млн.кВт. сағат/жыл	170	285
	оның ішінде			
9.1.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға	млн. кВт.сағат/жыл	147	248
9.1.2	өндірістік мұқтаждықтарға	млн. кВт. сағат/жыл	23	37
9.2	Жылына 1 адамға орташа электр тұтыну	кВт. сағат	720	1018
	оның ішінде:			
9.2.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға	кВт.сағат	720	1018
9.3.	Жүктемелерді жабу көздері	млн.кВт	170	285
	оның ішінде:			
9.3.1	"ҚЖЭО"	млн. кВт	200	640
9.3.2	су электр станциясы	млн. кВт	0	0
9.3.3	біріктірілген энергия желісі (-) энергия желісіне кетеді	млн. кВт	- 30	- 355
9.4	Перспективалы желілердің (220 кВ) ұзындығы	км	–	48,0
9.5	Перспективалы желілердің (35 кВ) ұзындығы	км	–	78,0
10.	Жылумен жабдықтау			
10.1	Оргалықтандырылған көздердің қуаты, барлығы	МВт	590	1050
	оның ішінде:			
10.1.1	ҚЖЭО	МВт	315	580
10.1.2	аудандық қазандықтар	МВт	85	270
10.1.3	кварталдық қазандықтар	МВт	190	200
10.2	Жылу тұтыну, барлығы	МВт	895	1400
	оның ішінде:			

10.2.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға	МВт	779	1170
10.2.2	өндірістік мұқтаждықтарға	МВт	116	230
10.3	Ыстық суды тұтыну, барлығы	МВт	106	155
	оның ішінде:			
10.3.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтарға	МВт	94	132
10.3.2	өндірістік мұқтаждықтарға	МВт	12	23
10.4	Жылумен жабдықтаудың дербес көздерінің өнімділігі	МВт	435	700
10.5	Желілердің ұзындығы	км	182	226
11.	Газбен жабдықтау			
11.1	Табиғи газды тұтыну	млн.м ³ /жыл	–	77,043
11.2	Желілердің ұзындығы	км	–	38,0
	оның ішінде:			
11.2.1	жоғары қысымды газ құбыры	км	–	28,0
11.2.2	магистралдық газқұбыры	км	–	10,0
11.3	Газ реттеу құрылғылары, оның ішінде:			
11.3.1	АГРС	дана	–	1
11.3.2	БГРП	дана	–	2
11.3.3	ШГРП	дана	–	2
12.	Телекоммуникация және байланыс			
12.1	Телефон нөмірлерінің орнатылған саны	бірл.	41962	72300
12.2	АТС сыйымдылығы	нөмірлер	41962	72300
12.3	Халықтың жалпы пайдалану телефон желісімен қамтамасыз етілуі	100 отбасыға нөмірлер	18,0	25,0
12.4	Халықты телевизиялық хабар таратумен қамту	халық %	100,0	100,0
12.5	Байланыстың желілік құрылыстарының ұзындығы	км	108,0	232,0
12.6	ОТШ және МАҚ	дана	42	76
12.7	АТС	дана	4	5

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АГРС-1 – №1 автоматтандырылған газ реттеу станциясы;

АГРС-2 – №2 автоматтандырылған газ реттеу станциясы;

АГРС-3 – №3 автоматтандырылған газ реттеу станциясы;

адам/га – адам/гектар;

АҚ – акционерлік қоғам;

АТС – автоматтандырылған телефон станциясы;

ӘЖ – әуе электр тарату желісі;

БГРП – бас газ реттеу пункті;

бірл. – бірлік;

га – гектар;

Гкал – гигакалорий;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

кВ – киловатт;

км – километр;

"ҚЖЭО" МКК – "Қызылордажылуэлектрорталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

ҚС – қосалқы станция;

МАҚ – мультисервистік абоненттік қолжетімділік;

МВА – мегавольт ампер;

МДж/м² – Мега джоуль/шаршы метр;

МВт – мегаватт;

млрд. – миллиард;

млн. АҚШ доллары – миллион Америка Құрама Штаттарының доллары;

млн. дана – миллион дана;

млн.м³ – миллион текше метр;

млн.кВт – миллион киловатт;

мм – миллиметр;

МПа – мега Паскаль;

м/с – метр/секунд;

мың м³ – мың текше метр;

мың ш.м. – мың шаршы метр;

ОТШ – оптикалық тарату шкафы;

С – градус;

ШГРП – шкафтық газ реттеу пункті;

ш.м. – шаршы метр;

ш.м./адам – шаршы метр/адам;

FTTH – Fiber to the Home;

G-PON – Gigabit Passive Optical Network;

NGN – NextGenerationNetwork;

WLL CDMA – Wireless Local Loop Code Division Multiple Access.

Қызылорда облысы
Қызылорда қаласының бас
жоспарына
(негізгі ережелерін қоса алғанда)
қосымша

Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары (негізгі сызба)



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК